

# ЕРТІС ДИДДАРЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІ

# Ана тіліміздің жанашыры

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе 1989 жылы берілсе де, күні бүгінге дейін оны өз дәрежесіне лайық құрметтей алмайтын немесе құрметтегісі келмейтін басшы қызметкерлер аз емес. Ал Жәкен – Жанайдар Рамазанұлы ана тілімен ауызданып, оның қуатты нәрімен ұлттық ұлы қасиеттердің бәрін де бойына сіңіре білген азамат.

Ол облыстық «Қазақ тілі» қоғамы құрылысымен-ақ оған жан-жақты қолдау көрсетіп, қолдан келер көмекін аяған жоқ. Іскер, ұлтжанды азаматтың осындай игі істеріне риза болғандықтан, қоғамның басқарма мүшелігіне сайладық. Егер қандас басшы қызметкерлердің барлығы Еліміздің Ата заңын, «Тіл туралы» Заңын дәл Жәкен секілді құрметтесе, ана тілімізді дәл Жәкен секілді аялай білсе, тілге байланысты проблемалар әлдеқашан өздігінен жойылар еді. Сөйтіп, біздің «Қазақ тілі» қоғамы өзінің қызметін әлдеқашан жүзеге асырар еді-ау. Біздің әлі де болса қаржы мәселесіне келгенде қалталы азаматтардың қас-қабағына қарайлап жүруіміз Рамазановтардай азаматтардың аздығынан ба деп ойлаймын.

Жәкеннің үлкен қызы Айгүл қазіргі кезде Орталық Америкадағы Косторико мемлекетінің

астанасы Сан-Хоседе швейцариялық дәрі-дәрмек жасайтын бір фирмада қызмет студе. Телефон арқылы хабарласқанда Америкадағы Айгүл де, мұндағы Рамазановтар отбасындағылар да қазақша сөйлесіп, мәре-сәре болып жатады. Жәкеннің мұхиттың ар жағындағы бөгде құрылықта, бөтен тілді халықтың ортасында қызмет істеп жүрген қызы ана тілі арқылы отаншыл рухын танытса, өз арамызда жүріп мемлекеттік тілге мұрынын шүйіре қарап, шетелдіктердің сәніне еліктеп киім киюді үлкен өнер санайтын, аты қазақ, заты дүбәра жастар халқымызды жерге қаратуда. Дегенмен, ұлтжанды азамат Ж. Рамазановтың отбасы мен әлгі жастардың отбасыларындағы ұрпақ тәрбиесі екі басқа екендігі анық.

Сөз соңында Жанайдар Рамазанұлының 20 қыркүйектегі сайлауда жеңіске жетуімен құттықтап, оған қажымас қайрат, мықты денсаулық тілеймін.

**Мұрат ӘБДІРАХМАНОВ,**  
облыстық «Қазақ тілі»  
қоғамының төрағасы.